

Петропавл қаласы әкімдігінің 2002 жылғы 17 маусымдағы "Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету Ережесін бекіту туралы" N 98 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2007 жылғы 14 маусымдағы N 756 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласының әділет басқармасында 2007 жылғы 20 шілдеде N 13-1-76 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы 2010 жылғы 16 сәуірдегі N 432 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы 2010.04.16 N 432 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-ІІ Заңының 31-бабы 1-тармағы 14) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының бюджеттік Кодексінің" 53-бабы 1-тармағы 4) тармақшасына сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Петропавл қаласы әкімдігінің 2002 жылғы 17 маусымдағы "Азаматтардың жекелеген санаттарына көмек көрсету Ережесін бекіту туралы" (м/т N 683, 2002 жылғы 5 шілдедегі "Добрый вечер" газеті), қала әкімдігінің 2002 жылғы 6 қыркүйектегі "Қала әкімдігінің 2002 жылғы 17 маусымдағы "Азаматтардың жекелеген санаттарына көмек көрсету Ережесін бекіту туралы" N 98 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" N 169 қаулысымен енгізілген өзгерістерімен (м/т N 940, 2003 жылғы 13 маусымдағы "Добрый вечер"), қала әкімдігінің 2005 жылғы 27 сәуірдегі "қала әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" N 353 қаулысымен (м/т N 13-1-9, 2005 жылғы 22 шілдедегі "Добрый вечер" газетінің N 28) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе сөздегі "бюджеттік жүйе туралы" сөздері "Қазақстан Республикасының Бюджеттік Кодексінің" 53-бабы 1-тармағы 4) тармақшасымен» с ө з д е р і м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

кіріспе сөздегі "2001 жылғы 25 желтоқсандағы қалалық мәслихаттың XV сессиясының "2002 жылға арналған Петропавл қ. бюджеті туралы" шешімі негізінде, 2001 жылғы 15 наурыздағы қалалық мәслихаттың IX сессиясының N 5 шешімімен бекітілген 2000-2002 жылдарға арналған Петропавл қаласының аз қамтамасыз етілген азаматтарын жұмыспен қамту және оларға әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі бағдарламасы, 2001 жылғы 15 наурыздағы қалалық

мәслихаттың ІХ сессиясының N 6 шешімімен бекітілген 2000-2002 жылдарға арналған Петропавл қаласының халқын туберкулезден қорғау жөніндегі бағдарламасы сөздері алынып тасталсын;

3 тармақтағы "(Т.Н. Құлжанова), (Н.Н. Кушталова)" сөздері алынып т а с т а л с ы н ;

4 тармақтағы "Қалалық қаржы басқармасына (Г.И. Дорофеева)" сөздері " Петропавл қаласының қаржы бөлімі мемлекеттік мекемесіне" сөздерімен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

аталған қаулымен бекітілген

Аз қамтамасыз етілген зейнеткерлерге қала көлігінде 1 мамырдан бастап 30 қыркүйек аралығы кезеңдегі қала көлігінде жол жүруге әлеуметтік көмек көрсету е р е ж е с і н д е г і :

4 тармақтағы "Д.Қ. Көтербеков" сөздері алынып тасталсын; аталған қаулымен бекітілген Туберкулезбен ауырған азаматтарға емдеу орындарына баруға әлеуметтік көмек көрсету ережелерінің N 2 қосымшасындағы :

1 тармақтағы "қалалық денсаулық сақтау бөлімінің" сөздері "СҚО денсаулық сақтау департаменті" мемлекеттік мекемесінің" сөздерімен ауыстырылсын;

Барлық мәтіндегі "Облыстық туберкулезге қарсы диспансері" сөздері " Облыстық туберкулезге қарсы диспансері" мемлекеттік мекемесі" сөздерімен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3 тармақтағы "6-2-105-60 шығындары" сөздері "007-000 шығындары" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің бірінші орынбасары Ә. З . Сәрсембаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді.

Қала әкімі